

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№20
(890)

Бейсенбі, 21 мамыр 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақстан халқы Ассамблеясына - 20 жыл

ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ - ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ



Мамырдың 15-і күні Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының XX сессиясы өтті. Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының төрағасы, облыс әкімі Ерік Сұлтанов жүргізіп отырған жиынға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – хатшылығының меңгерушісі Ералы Тоғжанов, этнобірлестіктердің, діни конфессиялардың өкілдері қатысты.

Алдымен жиналған қауым облыстық Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының фойесінде ұйымдастырылған қолөнер туындыларының көрмесін тамашалады.

Жиынды ашқан Ерік Сұлтанов Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында берген тапсырмаларының орындалу барысы және алда тұрған міндеттер жайлы баяндады.

– Ассамблеяның басты міндеті – бес халықтық реформаны жүзеге асыруға, сондай-ақ, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға қатысу. Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық жылында облысымызда маңызды акциялар мен жобалар жүзеге асырылуда. “Менің Қазақстаным!” жалпы республикалық патриоттық акциясы ерекше атауға лайық. Акция барысында концерттік бағдарламалар, Қоғамдық кеңес отырысы, медициналық, әлеуметтік және заңнамалық консультациялар жүргізілді. Өңірімізде “Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы” мега-жобасы өткізіліп, оның аясында 47 шара ұйымдастырылды. Өткізіліп жатқан шараларға өткен жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының оқытушылары мен студенттері белсене қатысты, – деген облыс әкімі Раиса Бикмұхаметованың, Роман Арақеловтың, Анатолий Башмаковтың, Александр Мерктің, Геннадий Филатовтың, Ольга Яковлеваның және бүгінде ортамызда жоқ Қосыл Омаровтың, Владимир Маслаковтың, Феликс Симинің, Марк Виткиннің, Владимир Кардашовтың аталмыш қоғамдық институтты құруға елеулі үлес қосқандарын атап көрсетті.

Сессия барысында этнобірлестіктердің басшылары мен дін өкілдері елдегі бірлік пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі ойларымен бөлісті.

– Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі 130-дан астам этностың басын қосады дегенге сенгендер аз еді. Президентіміз бізге – қазақстандықтарға өмір сүру әлеуетімізді жылдан-жылға жақсартатын жағдайды жасап отыр. Елімізді бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосатын “Нұрлы Жол” жаңа экономикалық бағдарламасы алдымызға зор міндеттерді қойды. Бұл бағдарламаны орындасақ, Қазақстан үшін алтын ғасыр болмақ, – деді “Вайнах” шешен-ингуш қоғамдастығы” қоғамдық бірлестігінің төрағасы Муса Дадаев.

Ал өткен жылы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ жанынан ашылған Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының жұмысына тоқталған аталмыш жоғары оқу орнының аға оқытушысы Ділбар Бегалина:

– Біздің еліміздегі өзге Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларынан ерекшелігіміз – барлық мамандықтардың 3-курс студенттеріне “Этноконфессиялық келісімнің қазақстандық моделі” атты арнайы курсты жүргізіп отырмыз, – деді.

Сессия барысында сөз сөйлеген Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – хатшылығының меңгерушісі Ералы Тоғжанов елімізде этносаралық және дінаралық келісімді нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды, Елбасының Ассамблея мүшелерінің алдына қойған міндеттерін түсіндірді.

– Соңғы жүргізілген сауалнама дерегіне сүйенсек, Қазақстан – қауіпсіз және тұрақты дамып отырған мемлекет. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары халықаралық сарапшылар Қазақстанда дін және этносаралық қақтығыстар болады деген болжам жасаған еді. Бірақ бүгінде еліміз мұның барлығын теріске шығарды, – деген Ералы Тоғжанов өңірімізде қазақ тілі пенінің мұғалімі болып қызмет етіп жүрген өзге ұлт өкілдерінің есімдерін атап, оларға алғысын білдірді.

Сессия жұмысы жағымды шарамен жалғасты. Ералы Тоғжанов облыс әкімі Ерік Сұлтанов пен бір топ солтүстікқазақстандыққа “Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл” мерекелік медальін тапсырды. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық “Бірлік” алтын медалі облыстық “Кентрон” армян мәдени орталығы төрағасының орынбасары Роман Арақелов пен әзірбайжан мәдени орталығының мүшесі Расул Дадашевқа табыс етілді.

Жуырда облыстық мәслихаттың шешімімен Тайынша ауданындағы “Тайынша-Астық” ЖШС-нің бас директоры Анатолий Рафальский мен “Ұрпақ” қазақ мәдени-ағарту орталығы” қоғамдық бірлестігінің мүшесі Әлімжан Мәжітовке “Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы” атағы берілген болатын. Сессия барысында өңір жетекшісі аталмыш азаматтарға сол атақтарын растайтын құжаттарды табыс етті. Сонымен қатар, этнобірлестіктердің жетекшілері облыс әкімінің грантын иеленді.

Бұдан кейін Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы төрағасының орынбасары сайланды. Бір жыл бойы аталмыш міндетті атқарған “Вайнах” шешен-ингуш қоғамдастығы” қоғамдық бірлестігінің төрағасы Муса Дадаевтың орнына “Лад” славян мәдениеті қоғамының төрағасы Александр Курленя сайланды.

Сессия концерттік бағдарламаға ұласты.

Арайлым БЕЙСЕНБАЕВА,
«Солтүстік Қазақстан».

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!

Жеңімпаз жауынгер жүлдесіне арналған турнир



Өткен аптада, мамырдың 16-ы күні Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Кирилловка ауылында Ұлы Отан соғысының ардагері, жерлесіміз Қойшы Молдахметұлы Бейсембаевтың жүлдесіне арналған жасөспірімдер мен қыздар арасында еркін күрестен ашық турнир болып өтті.

Аталмыш турнирге Астана, Көкшетау, Павлодар, Есіл қалалары мен облысымыздың Ғабит Мүсірепов, Уәлихан, Тайынша, Айыртау аудандарынан 137 балуан қатысты.

Қойшы Бейсембаев 1924 жылы ақпанның 23 жұлдызында Айыртау ауданы Сарысай ауылында дүниеге келген.

Орта білім алған соң, тракторшылар курсын аяқтағаннан кейін алғашқы еңбек жолын Ленин орденді «Каменоброд» колхозында механизатор болып бастайды. 1941 жылы соғыс оты бұрқ ете қалғанда, жас ұлан Қойшы Бейсембаев еңбек майданының ортасында еді.

Жігерлі жас жігіт 1942 жылдың қазан айында әскерге шақырылып, Қызылжар қаласындағы жасақталып жатқан оқу полкіне түсіп, сержанттық курстан бастайды.

1943 жылдың қаңтар айында қан бұланған соғысқа аттанып, маршал Г.К.Жуков қолбасшылық ететін Орел-Курск бағытында соғыс жүргізіп жатқан I Украин майданына түседі. Жаумен кескілесе шайқаса жүріп, соғыстағы ерліктері үшін «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденінің, «Ерлігі үшін», «Варшаваны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады.

Соғысты атақты Курск иініндегі майданнан бастаған Қойшы ақсақал Ұлы Жеңіс күнін Берлинде қарсы алды. Қандықол фашизм ордасы тізе бүккеннен кейін де, Қойшы атай қызмет еткен батальон бірден елге қайтпай, Германия жерінде бейбітшілікті тұрақтандыру үшін соғыс өрті қайтадан тұтанып көтпеуі үшін қалдырылды.

1947 жылдың жазында туған елі Сарсайға оралған Қойшы ақсақал бірден бейбіт еңбек майданына араласып кетеді. Соғыстан кейінгі тұрмысты көтеруде, елдің өл-ауқатын нығайту еолында өлшеусіз үлесін қоса жүре, бейбіт еңбекте де биік бөлестерге жетіп, Ұлы Отан соғысының мерекелік



медальдарымен «Халықтар достығы» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Өмірлік жары Балболған Есмағанбетқызымен 70 жыл отасып, 7 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан 18 нөмере, 18 шөбере сүйіп отырған бақыпты жан.

Турнирдің салтанатты ашылуында жас спортшыларды құттықтаған аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова биылғы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып отырған спорттық шараның маңыздылығына тоқтала келе, боз кілемде бақтарын сынағалы тұрған балуандарға сәттілік тіледі.

Сонан соң бастөрешінің басқаруымен жас балуандар боз кілемде күш сынасты.

Додады жарыстың қорытындысы бойынша қыздар арасында 32 кг. салмақта біздің жерлестеріміз Виктория Черникова I орынды иеленсе, Виктория Белоусова мен Наталья Дамашкиналар II және III орындарды еншіледі. Ал 38 кг. салмақ дәрежесінде тағы да айыртаулық қыздар Ұлпан Төлendiнова (I орын), Александра Шамия (II орын), Виктория Некруталардың (III орын) бағы жанса, 52 кг. салмақта біздің жерлес қыздарымыз Бақыт Әлжанова (I орын), Жанар Аюлова (II орын) және Светлана Цыганенколар (III орын) жеңіс тұғырына көтерілді. Ал 60 келіде біздің балуанымыз Карина Матвейкина жеңімпаз атанса, астаналық Нұрай Қали II орынды қанжығасына байлады, ал III орынды жерлесіміз Гүлнар Аюлова еншіледі.

Ал ұлдар арасындағы тартыста 26 келіде Игорь Чулков (Ф.Мүсірепов ауданы) жеңімпаз атанса, айыртаулық Азамат Иманбеков пен Анатолий Середистовтар II, III орындарды қанағат тұтты. 29 кг. салмақта жерлесіміз

Оралхан Елубай қарсыластарына дес бермей жүлделі I орынға көтерілсе, көкшетаулық Медет Сарманов II орын, ал айыртаулық Дәурен Тасболатов III орыннан көрінді. 32 кг. салмақ дәрежесінде жерлесіміз Бауыржан Буқиевқа тең келер болмаса, тайыншалық Виталий Саменов II орынды иеленді, ал Юсуф Халухаев (Ф.Мүсірепов ауданы) үшінші орынға қол жеткізді. 35 кг. салмақта айыртаулық Құрманғазы Ізбасханов I орынды иеленсе, уәлихандық балуандар Досжан Қабиден мен Фархат Әубәкіровтер екінші, үшінші орындарды місе тұтты.

38 келі салмақта тағы да жерлестеріміз Ерсұлтан Қожахмет (I орын) пен Данил Горбульковлар (II орын) жеңіс тұғырына көтерілсе, тайыншалық Арсен Қабден III орынды еншіледі.

42 кг. салмақ дәрежесінде тайыншалық Владислав Артеменко, уәлихандық Ризабек Айтмұхан және павлодарлық Санжар Қайыржановтардың бағы жанды.

Ал абсолютті 65 келіге дейінгі салмақта Есіл қаласының балуаны Бақытжан Омыр жеңімпаз атанса, 70 келіден жоғары салмақта тайыншалық Манарбек Жүсіпбековтың бағы жанды.

Турнир соңында барлық жеңімпаздар мен жүлделі орынға ие болған балуандар арнайы дипломдармен, медальдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталса, абсолютті салмақтың жеңімпаздары дипломдармен, медальдармен және сыйлықтармен қоса арнайы кубоктармен де марапатталды.

Сол күнгі ашық турнирге қатысқан спортшылар ұйымдастырушылардың демеушілігімен тегін тамақтанды.

Бағлан ҚОЖАКОВ,
Суретті түсірген
Елена НЕДОРОСТКОВА.

Акция

ТАЗА АУЛА

2015 жылдың 14 мамыры күні аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы Тастеміровтың бастамасымен «Таза аула» акциясы бастау алған болатын. Аталмыш акцияны «Жастар бастамалары орталығы» КММ-і жастары мен ауданымыздың белсенді жастары қолдап Айыртау ауылында алғашқы жиын жұмыстарын өткізді.

«Таза аула» атты экологиялық сенбілік акциясы – жастардың қоршаған ортаға деген зор махаббатын, ортақ үйіміздің таза, әдемі болуына және гүлденуіне, көркеюіне талпыныстарын арттырды. Елді мекен тазалығы туралы қағидаға орай қаланы абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалау жұмыстарын ұйымдастыру және Саумалкөл селосы аумағында тазалықты қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды реттеу және ұйымдастыру жұмыстарына аудандағы жастар ұйымдары, ауыл жастары белсене атсалысып, өз туған жерінің, елінің гүлденуіне зор үлестерін қосуда. Бүгінгі өткізілген «Таза аула» атты экологиялық сенбілік акциясына 50-ден астам жастар белсене атсалысты.

Өйгерім ОМАРОВА,
«Жастар бастамалары орталығы»
КММ-нің кеңесшісі.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Бесінші шақырылымдағы Айыртау аудандық мәслихатының кезекті отыз сегізінші сессиясы 2015 жылғы мамырдың 28-нде сағат 11.00-де аудан әкімдігінің отырыс залында өтеді. Мекенжайы: СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй.

Айыртау аудандық мәслихат сессиясының қарауына келесі мәселелер ұсынылады:

1. 2014 жылға арналған Айыртау ауданы бюджетінің орындалуы туралы есебін бекіту туралы.

2. Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 4-14-4 «Жер салығының ставкаларын жоғарылату туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

3. Әртүрлі.

Анықтамалар телефоны: 21-902.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Аудан әкімінің өкімімен РҮСТЕМ ЕРСІНҰЛЫ ДӘУЛЕТОВ Айыртау ауданы әкімінің көмекшісі болып тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол жастар саясаты мәселелері жөніндегі аудан әкімінің кеңесшісі болып қызмет етті.

* * *

Аудан әкімінің өкімімен ӘЛИ ӘНАСҰЛЫ ҒАББАСОВ Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол Айыртау ауданы әкімінің көмекшісі болып қызмет етті.

* * *

Аудан әкімінің өкімімен ГҮЛЖАНАТ БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ ҚАРТБАЕВА аудан әкімінің құқықтық мәселелері жөніндегі кеңесшісі болып тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол Айыртау аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы болып қызмет етті.

Сурет сыр шертеді



Дана халқымыз «Болашақты болжағың келсе – бір сәт өткенге көз сал» - дейді. Өткеніміз біздің тек тарихымыз ғана емес, ол біздің рухани байлығымыз. Халық айтса,

қалып айтпайды. Айыртау ауданының Бірлестік ауылын «қырық қыздың» ауылы деп, Қоскөлді «қырық қалпақтың» ауылы десе, біздің Шолақөзек ауылын «қырық ұстаздың» ауылы деп атаған екен. Ұстаздар ауылы десе де болады.

Заман ағымын тап басып ауылдан алғаш мұғалімдік оқуға кеткен Өтепов Дастан болған екен. Еліктеп өскен елдің жастары бірінен соң бірі ағылып мұғалімдік оқуға жол тартыпты. Олар: Қоқанов Төлеген, Әбділманов Ағзам, Әділбеков Әжіқан, Мұқанов Есентай, Есенов Қабдолла, Байшағыров Есләм, Ысқақов Ақылбек, Бекпасов Төлеміс, Қожахметов Темірхан, Өмірзақов Зарап, Каркенов Есімсейіт, Асқаров Жөнәбіл, Әділбеков Қажымұрат. Ал қыздардан Қожахметова Тәткен, Сұрағанова Қазима, Нұрғалиева Қалима, Нұрғалиева Мәуар (Сәукен), Әбділманова Қалима, Әбділманова Бақыт.

Өткен ғасырдың 40-шы жылы Владимир қаласында түсірілген мына суретте осы ұстаздардың екеуінің бейнесі бар. Екінші қатарда сол жақта бірінші тұрған менің әкем.

Әкем Әбділманов Ағзам Алматыдан бастауыш мектептің мұғалімі деген дипломымен оралып, 37-38 жылдары Жұмысшы мектебінде ұстаз болған. Оқушыларынан қазір еске алып, жылы лебіз білдіріп отыратын Әбілпейісова Майра апай. Кездескенде Тұрлыбек аға екеуі әкемді естеріне алып көңілді бір көтеріп, әкемді көргендей күйге түсемін. Майра апай сол жылдарда аңыз қылып айтады: Әкең мектептің жанына кігіз үй тігіп, шашу шашып той жасаған. Әкеңнің Қалымжан деген ағасы болған. Қалима деген қарындасы өте сұлу, бізге өлең үйретуші еді деп балалық шағын еске алады.

Мен сабақта тыныш отырмасам, Майра, сен әкеңді жақсы көресің бе? Ендеше дұрыс отыр, сабақты зейін салып тыңда, әйтпесе әкең рәнжиді деп ұстазым ақыл айтатын деп еске алады апай.

Әкем сол жылдары Жұмысшыда менің шешеммен танысып, Майра апайды жұмсайды екен. Мына кітапты сабақтан шыққан соң Назиза тәтеңе апарып бер деп, ол кітаптың ішінде хаты бар көрінеді. Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін деген.

Ауылымыздың ұйтқысы болған басқарма Рыспаев Тоқыш атай ауылға төрт бөлмелі мектеп үйін салдырып, екі бөлмесін мұғалімдерге берген ғой. Шешеме үйленіп, Жұмысшыдан ауысып, әкем Шолақөзекте мұғалім болыпты. 40-шы жылы әскер қатарына алынып, соғыстан оралмады. Соғыс жылдары атам мен әжем, шешем және мен мектептің бір бөлмесінде тұрдық.

46-жылы Жапон соғысынан әкемнің ағасы Қалымжан ағатайым аман-есен елге оралды. Басқарма атамды шақырып алып, бір балаң әскерден оралды ғой, енді мектеп бөлмесін босатыңдар деген соң, жанталасып жазда шымнан үй салып алдық. Ағатайымды «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапаттады. Қайран ағатайым! Сол медалды менің омырауыма тағып берді ғой. Қуанғаным әлі есімде, мен сонда алты жаста едім.

Мектептің келесі бөлмесінде сол кездегі ұстаз-мұғаліма Сұрағанова Қазима апай, екі қызы Саркен мен Балкен үшеуі тұрды. Соғыстан жараланып келген күйеуі, Балкен мен Саркеннің әкесі Қайырлин Есімсейіт көп ұзамай қайтыс болды. Ақжарқын бейнесі есімде қалыпты. Балкен мен Саркен өсіп-өніп бала-шағаға болып, қазір зейнеткерлік жасқа жетті. Қазима төтеммен бірге туғандай сыйластықта болдық, Алла ұрпағына ғұмыр беріп, өзіне иман-байлығын

берсін.

Әкемнің ауылдағы оқушыларынан көзі тірісі Сабанов Әбден ақсақал ұстазын сағынышпен еске алып отырады, оған да тәубә деймін.

«Көбін киген келмейді, көбенек киген келеді», -деп әкем өмірінің ақырғы сәтіне дейін әкемді, соғыстан оралмай хабарсыз кеткен ұлын күтті. Соғыс аяқталған жылдары атам мен әкем бір өгізшелерін қыстан семіртіп шығаратын. Әкем маған сонда айтушы еді, әкең келгенде осы малды



тойға соямыз деп. Үмітін үзбей өтті өмірден, жарықтық.

Осы суретте бірінші қатарда сол жақта әкемнің досы Мұқанов Есентай ағай. Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі деген бар ғой. Есентай ағай соғыстың басынан аяғына дейін небір азабын көріп, қайсарлықпен соғысып 45-ші жылдың аяғында жеңіспен елге оралды.

206-атқыштар және 994-саперлік полкқа сапер болды деген деректер бар. Елге оралып, ауылымыздың мектебінде ұстаздық құрып, зейнеткерлікке шыққанша қызмет етті. Мен Есентай ағадан бастауыш мектепте оқыдым. Сабағыңды жақсы оқы, әкең сияқты мұғалім боласың деп маған ақыл кеңес беріп отыратын. Әкемнің досы деп мен ұстазымды құрмет тұттым. Біз ұстазымызды «мұғалім» деп атаушы едік. Өте жуас, ақкөңіл адам болатын. Мұғалімнің балаларынан мен үлкен ұлы Ементайды жақсы білемін. Жұбайы Мәрәш екеуі ұлдары Ержан мен Бауыржаннан немере сүйіп отырған бақытты отбасы. Шоқан Уәлиханов энциклопедиясында техникалық редактор – Мұқанов Ементай Есентайұлы, дизайн бет қаттаушы – Мұқанов Ерлан Ементайұлы деп жазылған. Ұстазымның ұрпағына өмірдің бар жақсылығын тілеймін.

Осы мақаланы жазып отырғанда Көкшетаудан құрбым Мағрипа Темірханқызы телефон шалып менің ағатайым соғыстан оралмаған Әділбек ағайды мақалаңа қос деп өтіңді. Дос көңілін қимай боздақтар кітабынан қарап Бекбергенов Әділбек ағайды таптым.

Бекбергенов Әділбек, қатардағы жауынгер, 1910 ж. Достанов селосында туған қазақ, колхозшы. Әскер қатарына 1941 жылы Айыртауда алынып, 1943 жылы тамызда майданда қаза тапты деп жазылған. Бибіш әкеміз баласы Әділбекті әскерге жөнелтерде, ырымдап бір таба нанның шетінен тістеп, қалғанын әскерден келгенде жейсің деп ақ оралмаға орап, сақтап қойған ғой. Баласын сағынғанда сол нанды алып иіскейді екен. Мағрипа құрбымның айтуынша бұл әкеміз де өмірінің ақырғы сәтіне дейін баласын сарғайып күткен. Соғыс барлық аналардың қасіреті болды. Осы аз ғана мақаламды Мұқағали Мақатаевтың өлеңімен аяқтаймын.

**Біздер жеңдік – анамыз ақтай солды.
Мамық төсек қайғыдан тақтай болды.
Майдансыз біз шайнаған бір түйір нан.
Кеудемізге қадалаан оқтай болды!!!**

Жеңіс күні жүрекке қуаныш, көзге жас әкелетін ұлы күн. Аспанымыз ашық болып ұзағынан сүйіндірсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

**Бақыт ӘБДІЛМАНОВА.
Саумалкөл ауылы.**

Менің атам - жауынгер

Біздің арғы ата-бабаларымыз талай ғасырлар бойы осынау халқымыз мекен өткен қасиетті туған жерімізді қасықтай қаны қалғанша, шыбын жаны шыққанша жаудан қорғап келді. Оны біз өзіміздің ауыз әдебиетімізден, ата тарихымыздан жақсы білеміз. Батырларымыздың ерлігін естіп, ерлік пен ерліктің рухымен қанаттанған мыңдаған азаматтарымыз кешегі Ұлы Отан соғысында да Отанын қорғап, жасанып келген жаудың сыбағасын бергені өлемге аян. Бұл соғысқа қазақ жерінің қайсар батырлары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Сұлтан Баймағанбетов, Жәлел Қизатов секілді ер азаматтар қатысса, сонымен қатар Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова секілді ару қыздарымыз да неміс фашистерімен соғыс демі қалғанша аянбай шайқасты.

Біздің де 30 үйлі Дәуқара ауылынан Ұлы Отан соғысына 120 азамат аттанған екен. Соның ішінде 70-ке жуық арыстарымыздың денелері қат жерде қалған. Елуден астамы еңбек етіп, бейбіт күндерде дүниеден өтті.

Солардың қатарында менің атам Қиманов Баймағанбет 1919 жылы дүниеге келген. 1941 жылы Айыртау әскери комиссариатының жолдауымен Ұлы Отан соғысына қатысты. 1941–1943жылдары Сталинград майданына қатысты. Оқпен оттың ортасында жүріп, 1943 жылы жарақат алып, әскери госпитальге түсіп, аман-есен тәуір болып шыққанымен, әскери қызметке жарамсыз болып шықты. Елге келіп жұмыстан қол үзген жоқ. Егін септі, өлеуішпен бидай иледі. Одан қалған уақытында колхоздың малын бақты. Одан Айыртау астық қабылдау пунктіне күзетші болып қызмет етті. 1985 жылы 25 қаңтар айында дүниеден өтті.

Осынау Ұлы Жеңістің 70 жылдығын мыңдаған ардагер аталарымыз бен апаларымыз көре алмай кетті. Қарғыс атқыр соғыстың суық ызғары соғысты көрмеген мына біздердің де саби жүректерімізге өз әсерін сездіреді. Ақын Қадыр Мырзалиев атамыз айтқандай: «Соғысып жеңгеннен гөрі, соғыспағаннан бейбіт күнге не жетсін!» Сол себепті мен де соғысты емес, бүгінгі бейбіт күнге жеткізген Ұлы Жеңісті қатты ардақтаймын және мына бір шумақ өлеңімді барша адамзатқа арнағым келеді:

**Аты өшін соғыстың мәңгілік,
Тұрсын тек күлімдеп күніміз!
Әлемді аралап жаңғырып,
Ән болып шырқалсын үніміз!**

**Махаббат БАЙМАҒАНБЕТОВА,
Дәуқара ОМ-нің 8 сынып оқушысы.**

Ерлер есімі мәңгі есімізде

Адамзат тарихындағы бұрын - соңды болып көрмеген Ұлы Отан соғыстың аяқталғанына да 70 жыл толып отыр. Ондаған жылдарды артқа тастап бүгінгі күннен алыстаған сайын жеңістің маңызы да арта түсуде. Отан үшін шайқаста қазақтың ұл - қыздары да ерөн ерліктің үлгісін көрсете білді. Мына зымырап бара жатқан заман үшін көп уақыт емес те шығар, - әйтседе бүгінгі және келешек ұрпақ үшін Жеңіс күнінің тұғыры өте биік, оның танымдық сипаты өте зор. Соғыс құйыны әр отбасының шаңырағын шайқалтып, отын өшірді, сәбилер жүрегінде жазылмас жара қалдырды. Жеңіс әкелген аталарымыздың алдында бас иеміз. Ерлер есімі мәңгі есімізде.

Шағын Бірлестік ауылын алсақ, ауыз толтырып айтар ата-апаларымыз көп. Ел тәуелсіздігі мен болашағына атқосып аты шыққан аталарымыздың кітап, журнал, газет беттеріне шыққан деректерге сүйенсек, сонау Ұлы Отан соғысында осы ауылдан кеткен 87 боздақтың орны ерекше. Соғысқа аттанғандардың ішінде барлаушы да, артиллерист те, минометші де, пулеметші де, байланысшы да болды. 20-ға жуық азамат жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды, оның ішінде «Ерлігі үшін», «Қызыл жұлдыз», «Даңқ», «Отан» соғысы орденімен, Басқолбасшылардың алғыс грамоталарын алғандар болды. Ардагерлеріміздің ерліктерінің әрқайсысы бір-бір дастан.

Бірлестік орта мектебінің ұжымы және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мұқашев Жанат Болатбекұлының ұйымдастыруымен Бірлестік ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арнайы өткен «Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады» атты мерекелік шара өткізілді. Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерінің құрметіне арналды.

Мерекелік іс-шараның жоспары бойынша ауыл тұрғындарының қатысуымен зират басында аят оқытылды, ашылу салтанаты мерекелік концертпен ұласты, әдемі үйлесім мылтық ату, гир көтеру, гранат лақтыру, өртүрлі қашықтыққа жүгіру және футбол ойыны сынды сайыстармен ұштасып жатты. Аталған жарыстарға үлкенді-кішілі 300-ден астам сайыскерлер қатысты. Сайыстардың жеңімпаздары түрлі құнды сыйлықтармен марапатталды. Жүрекері ел деп соққан азаматтары: Айтқұл Асқар, Қапаров Еркін, Құрманғожин Бейбіт, Есімғалиев Мереке, Молдағұлов Талғат, Құрманғожин Құдабай, Жұматаев Балтабай, Қасымов Аслан, Шалабаев Кенжебек, Әлібеков Еркін, Зікіриянов Байжан, Данкин Бейбіт, Секеров Мереке, Шөкімов Серкебай, Сейтов Бақытжан, Нұржанов Серікбай, Атабаев Жанат, Бейсенбаев Мұрат, Есеев Жарас, Шалабаев Алмас, Хамитов Ернар, Есімғалиев Ақан, Айтмағанбетов Кенжебай, Қайыржанов Мұхтар, Әпетов Тұрғынбай, Қасымов Азамат, Байдулинов Жарас, Қанатаев Қанат, Сабыржан Құлатайұлы, Мәкенов Ержан және Сейдахметовтер отбасы өткізілген іс-шараға демеушілік көрсетті. Жоғарыдағы аталған азаматтарға мың да бір алғысымызды білдіреміз.

Айсұлу ЕСЛӘМҚЫЗЫ.

Біз - жеңістің ұрпақтарымыз

9 мамыр –сұрапыл соғыстың сұм жолдарын бастан кешіп, қан майданда от кешкен қаһарман жауынгерлеріміздің Ұлы Жеңіске қол жеткізген күні, тарих беттеріндегі ерекше тебіреніске, қайғы мен қуанышқа бірдей толы күн.

Осы жылдарды бастан кешкен алдыңғы аға буын өкілдерінің төзімділігі мен ержүректілігі бүгінгі және келешек ұрпақ санасында нағыз адамдықтың, отансүйгіштіктің үлгісі болып қала бермек. Ақтаңдақ жылдар енді ешқашан қайталанбасын деп тілеп, сондағы айбарлы аға-әкелеріміздің жан аямас жауғүректілігі мен тыл еңбеккерлерінің ерөн еңбектеріне құрметпен бас иеміз.

Толғанысқа толы күнде еліміздің түкпір-түкпірінде Мәңгілік алау жанында мыңдаған адамдар елі үшін күресте қаза тапқандарға тағзым етуге келері анық.

Біздің балабақшамызда да дәстүр бойынша, биылғы жылы 9 мамыр мерекесіне арналған «Ұлы Жеңіске – 70 жыл» атты ертеңгілік ұйымдастырылды. Іс-шара естиярлар, мектепке даярлық, ересектер топтарының қатысуымен өтті. Әр топ әскери форма киіп,



мерекелік ертеңгіліктің шымылдығын маршпен ашты. «Айналайын» тобы барлаушылар, «Балбөбек» тобы ұшқыштар, «Ақбота» тобы танкішілер болса, «Балдырған» мен «Балапан» топтары дәрігерлер мен матростар болды. Дәстүр бойынша салтанатты гүл шоғы қойылып, осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухы-

на бас иіп 1 минут үнсіздік орнады. Ән айтып, би билеп соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлеріне осынау бейбіт күнге жеткізгендері үшін бүлдіршіндеріміз алғыстарын жолдады.

Салтанатты концерттен соң көңілді спорттық жарыс өтті.

**Әсемгүл ОМАРОВА,
«Родничок» ясли-бақшасының тәрбиешісі.**

Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

МӘНГІЛІК ЕЛ – МӘНГІЛІК МҰРАТ



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы» атты салтанатты сөзінен Елбасымыз Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы қандай болуы қажет деген сауалды өзіне сәт сайын қоятындығын және осы жайлы ой орамдарын қағазға түсіріп, оны «Тәуелсіздік толғауы» деп атағанын оқыдық.

Осынау терең философияға құрылған толғауды оқи отырып, мен өзім үшін ері жаңалық болатын, ері менің ұлттық рухыма, адами жан-дүниеме, азаматтық парасатыма әсер еткен, өзім үшін маңызды деп санаған Елбасының ой орамдарына осы уақытқа дейін оқыған, ойға түйген, ұлт мүддесіне, тәуелсіз Қазақстан Респуликасының болашағын жасайтын келешек ұрпақтың тәрбиесіне игі ықпал етеді деп санаған көзқараспен тұжырымдаған өз пікірлерімді Сіздермен бөлісем деймін.

Қазақ әдебиеті пәні еліміздің сан ғасырлық тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, қазақ елінің тарихынан азды-көпті хабары болмаса, қазақ әдебиеті пәнінің мұғаліміне өз пәнінің мақсатын – ұлттық фольклор мұралары арқылы оның басты идеялық бағытын, тақырыптық, мазмұндық мақсатын саралай білетін және өз халқының тарихын, дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалай алатын, ұлттық әдеби мұраны терең игіріп, сол негізде еліне қызмет ете алатын, танымы жоғары, білімі орнықты, шығармашылықпен ойлай алатын, өркениетті қоғамға сай парасатты тұлға қалыптастыруды (Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «Тіл және әдебиет» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламалары. Астана, 2013. 21-б.) толыққанды жүзеге асыруы қиынға түсетіні баршаға аян болар. Өйткені Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік толғауы» атты еңбегінде «Тарихсыз болашақ жоқ» деген философиялық тұжырым жасайды. Ал болашақты адамдардың рухани азығы іспетті сөз өнері – әдебиетсіз елестету мүмкін емес. Тарих оқилықтары мен көркем әдебиетті қатар қойып зерттегенде ғана, біз шын мәнінде тарихтан тағылым алатын боламыз. Егер қоғамда ізгілік пен меірім, қайырым мен жақсылық, ізет пен құрмет, әділдік пен адалдық сияқты адамшылықтың асыл қасиеттері мен ата-ананы сыйлау, Отанды сүю, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеу сияқты адами парасаттың жоғары сапалары болмаса, адам баласы рухани тұрғыдан азғындап кетері сөзсіз. Қатарастың биік деңгейін жасап кететіндер ұлттың бетке ұстар асыл азаматтары мен олардың жасап кеткен тарихи ұлы істері екені баршамызға мәлім.

Тарих пен көркем әдебиетті сабақтастыра отырып, қазақтай ұлы халқымыздың басынан кешкен бақытты күндері мен бақуатты заманы туралы һәм қайғы мен қасіретке толы болған кезеңдері жайлы да оқушы санасына толыққанды ұғым-түсінікті сәуленендіре алсақ – мақсатымыздың орындалғаны. Осы мақсатпен 2011-2012 оқу жылынан бастап өзім жетекшілік ететін сыныпта көркем әдебиет оқудан «Үздік оқырман» атты сайыс шарты бойынша ербір оқушы өзі оқыған кітабы туралы қысқаша таныстыру жасап, көпшілікке ұсынады. Сайысты бақылайтын қазылар алқасының шешімімен жеңімпаз анықталады.

Сайыс жеңімпазы өзім тағайындаған 1000 (мың) теңге көлеміндегі арнайы жүлдемен марапатталады. Сайысты бастаған кезден бері жиыны 70 мыңнан (жетпіс мыңнан) аса беттен тұратын көркем шығарма оқылды. Орта есеппен бір кітап 300 беттен тұрады деп санасақ, 230-дан аса кітап оқылды. Сыныбымдағы 12 оқушының әрқайсына 19 кітаптан келеді. Осылайша белсенді оқушыларды ынталандыра отырып, электроника мен интернеттің дәуірлеп тұрған кезінде біз өз тарапымыздан кітап оқитын ұрпақ пен мәдениеті жоғары оқырман қалыптастыру үстіндеміз. «Үздік оқырман» сайысы күні бүгінге дейін өз жалғасын табуда.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» атты сөзінде: «Ұлы Далада күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған алып мемлекеттер болған. Алып кеңістікті ең жайлап, еркін билеп-тестеген ай-барлы халықтар өмір сүрген. Бүгінгі Қазақстан – сол бабалардың заңды мұрагері.

Көк түріктер мен Алтын Орданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы – біздің елдігіміздің тұп-тамыры,» деген еді. Бұл сөздің астарына мән бере үнілсек, әзірше Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтсек, кейін ұлттық сана-мыз нығайып, тарихымыз 70 жыл санамызға күшпен сіңірілген советтік-отаршылдық идеологиядан арылып, ақиқат негізде қайта жазылып, бір ізге келтірілетін жақын болашақта Алтын Орда және одан да ары – Көк түріктер тарихынан тамыр тартып келіп, елдігіміздің мыңдаған жылдық мерейтойын тойлайтын күн де алыс емес деп түсінуге болады.

Қазақ тарихы мен әдебиетіне Ұлы құбылыс болып өнуге тиіс және өніп келе жатқан, қазақ халқының ұлттық санасына рухани сілкініс әкелетін керемет бір туындының жарыққа шыққанына көп болған жоқ. 2013-2014 жылдары өйгілі жазушы, білімдар тарихшы Мұхтар Мағауиннің төрт кітаптан тұратын «Шыңғыс хан және оның заманы» атты тетралогиясы жарыққа шықты.

Елбасының: «Біздің ұлттық тарихымыз – теңдессіз тарих. Ол Еуразия құрлығының, ұлы өркениетінің жылнамасына өшпес қолтаңбасын қалдырды.

Тарихи тамырымыздың бірлігі бізді түркітілдес халықтармен ешқашан іргесі бөлінбейтін бауырлас етті,» деген сөздің даусыз ақиқат екендігіне осы аталмыш кітапты оқып отырған кезде көз жеткіздім.

«Біздің тарихи өткенді қабылдауымыз қашанда біртұтас және оң пайымды болуы тиіс. Ол барлық қазақстандықтарды бөлуі

емес, біріктіруі тиіс.» деген Елбасы сөзін назарда ұстап, азғана қазақ болмас іске бөлінбей, Шыңғыс ханды қанішер, жауыз деп бағалап келген советтік-отаршылдық көзқарастан арылып, жаңа замандағы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының еркін ойлы азаматы ретінде Шыңғыс ханды киіз туырлықты түркі баласының басын қосып, әлемде теңдесі жоқ алып та айбынды, адал да әділ империя құрған ұлы қаған болғанын мақтанышпен айтатын уақыт келді деп білемін. Осы орайда «әлемде теңдесі жоқ қолбасы, ең әділ өмірші болған ұлы қаған Шыңғыс хан мен Советтер Одағын неге бір-біріне қарсы қояды?» деген сұрақтың тууы заңды. Қысқа ғана жауап беріп көрейік: жазушы һәм тарихшы М.Мағауиннің Шыңғыс хан мен оның заманы туралы хатқа түсірілген әлемдік жазба мұралардан 44 тұма-нама мен 106 зерттеу еңбектерін салыстыра зерттеп тұжырымдауы бойынша, Шыңғыс хан күллі Түрік дүниесінің мақтаншы, ал Советтік Социалистік Республикалар Одағы (қазіргідей аяқ астынан өзгеріп кеткен Кеңес Одағы емес!) бүгінгі Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан сияқты тәуелсіз түркі мемлекеттерін дербестігінен айырып, бодандыққа көлтірген, күні кеше ғана отаршыл қожайыны болған алпауыт империя еді! Және біз тәуелсіздігімізді өзге ешкімнен емес, нақ осы отаршыл Советтер Одағынан алған едік. Егер, аға буын мен орта буын өкілдеріне, қалай болғанда да, күні кешегі тарихымыз – басымыздан өткен баянды-бақытты пәнделік өміріміз, әке-шеше, көз көрген замандастар, еңбектегі жолдастық қатынастар жайында есімізге жылы естеліктер түсіп, ностальгиялық сезімімізді оятып, Советтер Одағын отаршыл болды деуге кимасақ, онда 23 жылдан бері аспандатып тойлап келе жатқан, Алла жазса, алда да Мәңгілік Ел рухымен мәңгілік болашаққа тойлай бермек Тәуелсіздіктің де еш мағынасы қалмайды!

Сондықтан да өзімізді-өзімізге қарсы айдап салған, кешегі бабаларымызға кейінгі ұрпағын айтақтап, балағаттатып қойған советтік-отаршылдық идеология ықпалынан шығатын көз әлдеқашан өтіп бара жатқанын тағы қайталап айтуға тура келеді.

«Ұлы Түркі елі қазіргі заманауи мемлекеттер – Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Түркия елдерінің ортақ тамыры. Біздің мыңжылдықтарға ұласатын шежіреміз бір. Мақтаншы тұтатын бабаларымыздың тарихи ерліктері бір. Беле-жара қарау мүмкін емес рухани қазынамыз бір.

Осының бөрі – баршамызға ортақ мұралар,» деген Елбасы сөзі бізге қазақ халқының ерлікке толы ұлы тарихына тереңірек үңіле түсуді нұсқайды.

Сондай-ақ Елбасымыз: «Біздің дәуіріміз – жылдамдықтар уақыты. ХХІ ғасырда қоғам ербір бес жыл сайын түбірінен өзгеріп отырады. Сондықтан басты екі қағида халық тағдырын айқындайды.

Бірінші. Бұл ұрпақтар мен құндылықтар сабақтастығы.

Екінші. Ұлттың серпінділігі, жастардың инновациялылығы,» дегенін қаперге ұстауға тиіспіз. Президентіміздің соқырға таяқ ұстатқандай етіп қадап айтып отырған ұрпақтар мен құндылықтар сабақтастығы жайындағы пікірінен қазақтың қанына сіңген

сабырлық пен төзімділіктің, өзінің ұлттық құндылықтарын сыйлайтын, өзгенің ар-намысына тимейтін салиқалылықтың түп төркіні тым әріде жатқанын көреміз.

«Тәуелсіздік толғауы» азат еліміздің күллі азаматтарына, жалынды жастарға, бүгінгі буынның ерен істерін лайықты жалғастыратын ертеңгі ұрпаққа арналады.

Ол – егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы.

Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің ербір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі.

Тәуелсіздік дегеніміз – жалпыға ортақ еңбек. Ғылым қуып, білім іздеген оқушылар мен студенттердің еңбегі. Еліміздің ұлттық байлығын еселей түсетін барша мамандық иелерінің еңбегі. Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген шексіз сүйіспеншілік дарытатын қазақстандықтардың еңбегі.

Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы.

Азаттық рухы асқақ болсын!» деп аяқталатын Елбасымыздың «Тәуелсіздік толғауы» атты сөзін оқып отырып, жоғарыда айтылған ой-тұжырымдардың тамыры тарихи тереңнен тартылғанын және алыс болашаққа өз мәнін жоймастан мәңгілікке самғап кетерін аңғару қиын емес. Азаттық рухын асқақтататын, келер ұрпақтың жүрегіне еркіндік нұрын құятын бірден-бір құдіретті күш – сөз десек, біздің қолымызда көркем әдебиет деп аталатын, адамның жан-дүниесіне күш-жігер құятын қуатты қару бар екенін естен шығармауымыз керек. Көркем әдебиетке егіздің сыңарындай етіп, тарих ғылымын қатар алып жүрсек, нұр үстіне нұр болар еді. Тарих болғанда да қазақты кемшін санап, қор етіп көрсетуге тырысқан советтік-отаршылдық замандағы жалған тарих емес, саф алтын-дай жарқыраған, ұрпақ санасына ұлтымыздың ең бір асыл қасиеттері мен аяулы азаматтарын дәріптей танытатын салиқалы тарихтан мол мағлұмат берсек керек еді.

Мәселен, совет заманында Шыңғыс хан Отыраға жауыздықпен шабуылдапты, шаһарды алты ай қоршап ерең алыпты, Қайыр хан Отырарды қорғаған қаһарман, сатқын Қараша бек қақпаны ашып жіберіпті, әйтпегенде Отырар жауға берілмес еді деген таным-түсінікті жазушы һәм тарихшы Мұхтар Мағауин мынадай деректермен тас-талқан етеді:

1. Шыңғыс ханның Хорезм мемлекетімен жасаған екіжақты келісім бойынша жіберген 500 түйелік сауда керуенін хорезмшах Ала-ад-Дин Мұхаммедтің бұйрығымен Отырар қаласының әкімі Қайыр хан тонап алып, керуендегі 450 адамды қырып салуға бұйырыпты. Гайыптан аман қалған жалғыз керуенші өз еліне болған оқиғаны жеткізеді.

